

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі**

қолжазба құқығында

**Мұратов Жақсат Мұратұлы**

**МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ НАРЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІМЕН  
ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН  
АРТТЫРУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша  
«7M04119 - Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба (зерттеу)

Ғылыми жетекшісі: \_\_\_\_\_ Таскужин Т.Ж., з.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

Мемлекеттік саясат ұлттық  
мектебінің директоры: \_\_\_\_\_ Жақиянов Т.Ж., ә.ғ.к.

**Астана, 2024**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>5</b>
<b>Әдебиетке шолу .....</b>	<b>8</b>
<b>1 - БӨЛІМ. МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН МАЗМҰНЫ .....</b>	<b>11</b>
1.1 Бәсекелестікті қорғау құралы ретінде монополияға қарсы заңнаманың қалыптасуы .....	11
1.2. Монополияға қарсы органдар қызметінің халықаралық тәжірибесі .....	16
<b>2 - БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>20</b>
2.1 Қазақстанның монополияға қарсы органының құрылуы .....	20
2.2 Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органы қызметінің өзекті мәселелері .....	24
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>41</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>42</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР .....</b>	<b>46</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
2. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 маусымдағы «Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Жарлығы.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы» Жарлығы.
8. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексі.
9. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі.
10. Литва Республикасының 1999 жылғы 23 наурыздағы «Бәсекелестік туралы» Заңы.
11. Ресей Федерациясының 2006 жылғы 26 шілдедегі «Бәсекелестікті қорғау туралы» федералды заңы.
12. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 3 мамырдағы «Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы» бұйрығы.

## Белгілеулер мен қысқартулар

Осы магистрлік жобада тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

ҚР КК	–	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі
ҚР БҚДА	–	Қазақстан Республиканың бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
ЭЫДҰ (ОЭСР)	–	Экономикалық ынтымақтастық және даму елдерінің ұйымы
ЕАЭО (ЕАЭС)	–	Еуразиялық экономикалық одақ
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
ГФР	–	Германия Федеративтік Республикасы
ЕО	–	Еуропалық Одақ
ЕО комиссиясы	–	Еуропалық комиссия (European Commission)
ФМҚ (ФАС)	–	Федералды монополияға қарсы қызмет.
РФ	–	Ресей Федерациясы
НҚА	–	Нормативтік құқықтық акт
ТМД	–	Тәуелсіз мемлекеттер достығы
РЖС	–	Радиожиілік спектрі
АЕМ	–	Ауылдық елді мекен
МО ЭҚАБЖ	–	Мемлекеттік органдардағы электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі
МО БҚА-	–	Мемлекеттік органдардағы бұлтты құжат айналымы
БАТЖ	–	Бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесі
АТЖ	–	Ақпараттық-талдау жүйесі
ҰСБ	–	Ұлттық статистика бюросы
ЭҚЖЖ (ОКЭД)	–	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішісі
ЭҚТӨЖ (КПВЭД)	–	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімнің жіктеуішісі

## **Кіріспе**

**Тақырыптың өзектілігі.** Қазақстан адал бәсекелестік қағидаттарына негізделген бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту үшін жағдай жасауға ұмтылады. Бұл даму векторы Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясы, "Өртараптандырылған және инновациялық экономиканы құру" Жалпыұлттық басымдығы және 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары сияқты стратегиялық құжаттарда нақты жазылған. Адал бәсекелестік ел дамуының жаңа моделінің негізгі қағидаты ретінде қарастырылады және ол кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға, жеке меншікті қорғауға және бәсекелестікті дамытуға бағытталған. Бұл тәсіл елдің халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу және әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Бәсекелестік саясат Қазақстанның экономикалық дамуында маңызды орын алады және Мемлекет басшысының жеке бақылауында болады.

Бәсекелестікті дамыту мәселесінде мемлекет монополияға қарсы орган атынан нарықты монополиялауға жол бермеу және нарық субъектілерінің бәсекелестігінің абсолютті еркіндігі мен шамадан тыс мемлекеттік реттеу арасындағы теңгерімді сақтау мақсатында бизнесті қолдау және қорғау жөніндегі реттеуді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әркімнің кәсіпкерлік қызмет бостандығына құқығы бар, монополиялық қызмет заңмен реттеледі және шектеледі, жосықсыз бәсекелестікке тыйым салынады [1].

Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, сондай-ақ мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган монополияға қарсы орган болып табылады [2].

Монополияға қарсы органның алдына қойылған міндеттерді іске асыратын негізгі құралдары ретінде, бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу тәсілдері танылады.

Монополияға қарсы органның негізгі қызметі нарықтардың құрылымын анықтауға және монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін деректерді (ақпаратты) жинауға және өңдеуге негізделетіндіктен, көп жағдайларда осы органмен қабылданатын шешімдердің жеделділігі мен тиімділігі нарық субъектілерінен алынатын ақпараттардың уақтылы және толыққанды түсуіне байланысты болады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында монополияға қарсы органның қызметіндегі проблеманы атап өтіп, тағы бір күрделі мәселе, шын мәнінде, монополияға қарсы органның бұзушылықтарды жою үшін жедел шаралар қабылдау мүмкіндігінің жоқтығын атап өтті [3].

Бүгінгі сын-қатерлер Қазақстандағы монополияға қарсы органының қызмет ерекшелігіне байланысты оның алдына қойылған белгілі бір міндеттерді тез және жедел шешуді талап етеді.

Осылайша, магистрлік жоба тақырыбының өзектілігі монополияға қарсы орган қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында нарық субъектілерінен ақпарат алу тәсілін жетілдіру қажеттілігіне байланысты болады.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Магистрлік жоба монополияға қарсы орган қызметінің тиімділігін арттыру үшін нарық субъектілерінен ақпарат алу тәсілін жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуді мақсат етеді.

Мақсатқа жету үшін келесі зерттеу міндеттері қойылады:

- бәсекелестіктің теориялық негіздерін зерттеу;
- бәсекелестікті қорғау және монополияға қарсы реттеу мәселелерінде әлемнің дамыған елдерінің халықаралық тәжірибесін зерделеу және талдау;
- Қазақстандық тәжірибені зерделеу және талдау: қалыптасуы, ағымдағы жағдайы, проблемалық мәселелері;
- монополияға қарсы органның нарық субъектілерінен ақпарат алу тәсілін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстарды әзірлеу және ұсыну.

**Зерттеу нысаны.** Магистрлік жобадағы зерттеу объектісі болып ҚР БҚДА негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру барысында қажетті ақпаратты жинау және алу бойынша нарық субъектілерімен өзара іс-қимыл процесіндегі қызметі табылады.

**Зерттеу пәні.** Магистрлік жобадағы зерттеу пәні монополияға қарсы органның оған жүктелген негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін нарық субъектілерінен ақпарат жинау және алу тәртібін реттейтін процестер мен НҚА-ны талдау болып табылады.

**Зерттеу әдістері:** магистрлік жобаны жазу кезінде талдау, жалпылау және салыстыру арқылы жалпы логикалық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды [4]. Сондай-ақ, дереккөздер ретінде еркін қол жетімді мақалалар, нормативтік құқықтық актілер, есептер, жарияланымдар, электрондық ресурстар пайдаланылды.

Бұл жұмысты зерттеудің жаңалығы жобаны жазу шеңберінде монополияға қарсы органның алдына қойылған міндеттерді іске асыру барысында нарық субъектілерінен қажетті ақпаратты талап ету және жинау бойынша туындайтын және белгілі бір қиындықтар туғызатын мәселелер зерделенгендігінде. Бұл мәселенің шешімі ретінде қолданыстағы заңнаманың ережелеріне негізделген, сондай-ақ ақпарат алудың қазіргі заманауи тәсілдерін ескере отырып, практикалық бағыттағы ұсынымдар ұсынылады.

**Жоба гипотезасы.** Ақпарат алудың заманауи электрондық әдістерін енгізу монополияға қарсы органға деректерді сұрау және алу кезінде нарық субъектілерімен өзара іс-қимылдың тиімді процесін белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл уақыт пен ресурстарды айтарлықтай үнемдеуге әкеледі және бұл өз кезегінде аталмыш органның жұмысына оң әсер етеді деп күтілуде. Сәйкесінше, монополияға қарсы орган қызметінің тиімділігі артады. Берілген ұсынымды қолдану монополияға қарсы органға нарық субъектілерінің

ақпаратын алу жөніндегі рәсімнің жетілмегендігі мәселелерін шешуге көмектеседі.

**Ғылыми жарияланым:** Зерттеу жұмысын жүргізу шеңберінде "Рынок и конкуренция" ғылыми журналында «Совершенствование механизма получения информации необходимой для эффективной реализации задач, поставленных перед антимонопольным органом» тақырыбында мақала жарияланды.

## Әдебиетке шолу

XX ғасырдың екінші жартысындағы экономикалық әдебиеттерде монополиялық және бәсекеге қабілетті нарықтарды зерттеу мәселелеріне арналған «бәсекелестік» ұғымының әр түрлі түсіндірмелері бар, олардың ішінде оның мазмұнын анықтаудың бірнеше негізгі тәсілдерін бөліп көрсетуге болады. Бірінші тұжырымдамада сатушылардың (сатып алушылардың) мінез-құлқына назар аударылады. Екіншіден, негізгі белгі ретінде нарықтың құрылымы мен кедергілердің болуымен ерекшеленеді. Үшіншіден, ғылыми-техникалық прогреске деген қарым-қатынас маңызды критерий болып табылады. Төртіншіден, шектеулі ресурстарды бөлуге деген қарым-қатынас. Бесіншіден, тұтынушыға деген қарым-қатынас[5].

Экономикалық әдебиеттерде нарық субъектілерінің мінез-құлқына қатысты анықтамалар басым орын алады. Брокхаус пен Ефронның энциклопедиялық сөздігінде бәсекелестік «бір мақсатқа жету үшін бірнеше тұлғалардың (компаниялардың) бәсекелестігі» ретінде қарастырылады. Бәсекелестер бір-бірін ығыстыруға, белгілі бір игіліктің айрықша иелігіне қол жеткізуге тырысады, сондықтан бәсекелестік әрқашан күрес сипатына ие» [6].

ЭЫДҰ экономикалық бәсекелестікті «фирмалар немесе сатушылар белгілі бір бизнес мақсатына жету үшін сатып алушылардың ниеттестігі үшін тәуелсіз күресетін нарықтық жағдай» деп анықтайды, мысалы, пайда, сату көлемі және/немесе нарықтағы қатысу үлесі. Бұл мағынада бәсекелестік бақталастықтың синонимі болып табылады. Бақталастық екі немесе одан да көп фирмалар арасында орын алады және баға, сапа, қызмет көрсету немесе олардың тұтынушылар бағалайтын басқа факторлармен үйлесуіне байланысты болуы мүмкін» [7].

ҚР КК 162-бабының 1-тармағында бәсекелестік «олардың дербес әрекеттері олардың әрқайсысының тиісті тауар нарығында тауарлар айналымының жалпы жағдайларына біржақты әсер ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің сайыскерлігі» ретінде айқындалған [2].

Классикалық саяси экономика бәсекелестікті экономиканың барлық салаларына енетін және тек субъективті себептермен шектелетін нәрсе ретінде қарастырды. А. Смит алғаш рет пайда нормаларын теңестіру арқылы бәсекелестік еңбек пен капиталдың оңтайлы бөлінуіне әкелетінін дәлелдеді және оның жұмыс істеуінің бес негізгі шартын анықтады:

1. Бәсекелестер келісімде емес, өз бетінше әрекет етуі керек.
2. Бәсекелестердің саны (әлеуетті немесе бұрыннан бар) әдеттен тыс табысты жою үшін жеткілікті болуы керек.
3. Экономикалық субъектілер нарықтық мүмкіндіктер туралы қолайлы білімге ие болуы керек.
4. Осы білімге сәйкес әрекет ету еркіндігі болуы керек.
5. Ресурстар ағынының бағыты мен көлемі иелерінің қалауына сәйкес келуі үшін уақыт күту керек [8].

Бәсекелестік жеке мүдделер мен экономикалық тиімділікті теңестіруі керек, сондықтан А.Смит бәсекелестікті нарықтың «көрінбейтін қолымен» –



бәсекелестік күштердің әсерінен пайда болатын нарықтық бағамен ұқсастырды. А.Смиттің пікірінше, бәсекелестіктің мәні - сатушылардың ұзақ мерзімді келешекте нарықта бақылау орнатуға бағытталған өзара байланысты әрекеттерінің жиынтығы. Нарықтағы бұл тенденция ресурстарды жоғары пайда табуға болатын саладағы төмен кірісті салалардан жылжыту үшін қажет болғанша ұзақ болады. Демек, бәсекелестік - бұл жаңа күшке жауап беру процесі және жаңа тепе-теңдікке жету тәсілі, оның мәні бәсекелестердің салыстырмалы артықшылықтар үшін күресі болып табылады.

XX ғасырдың 50-жылдарының ортасынан бастап бәсекелестік нарықтардың мәнін сипаттауға белсенді назар құрылым сияқты белгіге аударыла бастады. М. Портер бәсекеге қабілеттілік теориясын зерттей отырып, жетекші орынды нарық құрылымы мен бәсекелестік қатынастардың даму деңгейіне емес, оның технологиялық өзгерістерге бейімделу дәрежесіне береді. "Бәсекелестік - серпінді және дамып келе жатқан процесс. Дәстүрлі теориялар негізінен тұрақты, факторларға немесе масштаб әсеріне негізделген артықшылықтарға бағытталған болды. Алайда бәсекелестікте тепе-теңдік жоқ және бұл нарық пен қоғамның ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін қалай қабылдайтынына тәуелді" [9].

Әр түрлі салалық нарықтардағы бәсекелестік жағдайлар ешқашан бірдей болмаса да, оларға бәсекелестік процестері ұқсас, бұл оларды бірқатар күштердің (факторлардың) өзара әрекеттесуінің әдіснамалық призмасы арқылы қарастыруға мүмкіндік береді.

М. Портер олардың нәтижесі саладағы бәсекелестік жағдайы болып табылатын бес бәсекеге қабілетті күшті бөледі:

1. Саладағы бәсекелес сатушылар арасындағы бәсеке.
2. Басқа салалардағы компаниялардың нарықтық әрекеттері тұтынушыларды алмастырушы тауарларымен өзіне қаратып алу.
3. Жаңа бәсекелестердің әлеуетті пайда болуы.
4. Шикізат жеткізушілері қолданатын нарықтық билік және әсер ету құралдары.
5. Өнімді тұтынушылар пайдаланатын нарықтық билік және әсер ету құралдары [9].

Бұл модельдің маңыздылығы бәсекелестікті бағалаудың жалпы теориялық тәсілдеріне сүйене отырып, салалық нарықтағы бәсекелестік қысымның күшін анықтайтын тұтынушылардың мінез-құлқының таза экономикалық және психологиялық факторлары талдауға қатысуында.

Нарықтың бәсекелестігі жекелеген фирмалар нарыққа әсер ете алатын, яғни өз өнімдерін сату шарттарына және, ең алдымен, бағаларға әсер ете алатын шектермен анықталады. Бұл әсер неғұрлым аз болса, нарық соғұрлым бәсекеге қабілетті болады.

Белгілі экономист Ф.Хайек айтқандай, «бәсекелестік - бұл көптеген тәуелсіз адамдар жүзеге асыратын орталықтандырылған жоспарлау» [10]. Бәсекелестік нарықтық механизмнің ажырамас негізгі элементі болып табылады. Нарықтық экономика мен кәсіпкерлікті бәсекелестіксіз елестету

мүмкін емес. Осы үш құбылыстың барлығы өздерінің шығу тегі бойынша да, оларға енгізілген мазмұн бойынша да бір-бірімен тығыз байланысты. Л. Эрхардтың пікірінше, бәсекелестік «дәулеттілікке жетудің ең тиімді құралы» болып табылады. Оның айтуынша, ол «барлық адамдарға экономикалық прогресті, әсіресе олардың тұтынушылар рөлінде пайдалануға мүмкіндік беретін жалғыз нәрсе. Ол сондай-ақ еңбек өнімділігін арттырудың тікелей нәтижесі болып табылмайтын барлық артықшылықтарды жояды» [11].

Дәл осы бәсекелестік тұтынушылардың экономикалық еркіндігі үшін қажетті жағдайларды жасайды, көптеген сауда фирмалары сататын әр түрлі өндірушілердің тауарларының кең ауқымын қамтамасыз ете отырып, тұтынушының басымдығын (егемендігін) қамтамасыз етеді. Бәсекелестік объективті түрде, тіпті қалаудан тыс, өндірушілерді өндіріс шығындарын азайту қажеттілігіне, демек, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануға итермелейді. Осылайша, бәсекелестік экономиканың жұмыс істеуі мен дамуының жетекші қозғаушы күші ретінде әрекет етеді.

Бәсекелестіктің негізгі мазмұны біріншіден, өндіріс шығындарын өтеу, екіншіден, пайданы барынша арттыру үшін ең төменгі шығындармен тауарлар өндіру және оларды мүмкіндігінше қымбат сатуда. Нарықта бір емес, көптеген сатушылар мен сатып алушылар әрекет ететіндіктен, әрбір сатушының сұраныс қисығы бәсекелес сатушылардың баға саясатына байланысты болады. Сондықтан әр сатушы тек өзінің тауарларының сатылғанына қол жеткізуге ұмыталды, сондықтан ол біріншіден, өз тауарларының бағасын төмендетуге, екіншіден, өзіндік құнын төмендете отырып, олардың сапасын жақсартуға мәжбүр болады. Өндіруші мен сатушы үшін олардың өнімдеріне қандай сұраныс бар екенін білу өте маңызды. Сондықтан олар өздері үшін де, сатып алушы үшін де қолайлы бағаны іздеуі керек. Ең алдымен, олар тиімді жарнама мен сенімді қызмет арқылы сұранысты ынталандыруы керек.

Бәсекелестік кәсіпорындар, салалар мен аймақтар арасында ресурстарды бөлу және қайта бөлу механизмінде күшті қозғаушы күш болып табылады. Басқаша айтқанда, осы бәсекелестік жалпы ғылыми-техникалық, экономикалық және әлеуметтік прогреске қолайлы алғышарттар жасайды. Баламалы нұсқалармен салыстырғанда қазіргі жағдайда экономиканың жұмыс істеуінің нарықтық моделін ең қолайлы ететін осы бәсекелестік.

# 1-БӨЛІМ. МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН МАЗМҰНЫ

## 1.1 Бәсекелестікті қорғау құралы ретінде монополияға қарсы заңнаманың қалыптасуы

Жалпы, бәсекелестік неғұрлым қарқынды болса, нарықтар соғұрлым тиімді жұмыс істейді және тұтынушылардың әл-ауқаты жоғары болады. Неғұрлым бәсекеге қабілетті нарықтар бағаның төмендеуіне, инвестициялардың өсуіне, тауарлар мен қызметтердің сапасының жақсаруына, өнім желісінің кеңеюіне, жалпы экономикалық өсуге әкеледі.

Екінші жағынан, бәсекелестік нәтижесінде нарықтар шоғырлануға бейім: бәсекелестік нәтижесінде нарықта жұмыс істейтін компаниялар өз қуатын арттырады, өнімділікті арттырады, өз брендтеріне тұтынушылық адалдықты қалыптастырады, бәсекеге қабілеттілігі төмен компанияларды нарықтан ығыстырады және жаңа компаниялардың нарыққа кіруіне кедергілер тудырады. Нәтижесінде нарықтағы компаниялардың саны азаяды, ал қалған компаниялардың мөлшері (нарықтағы үлесі) әріқарай өседі («бәсекелестік бәсекелестікті өлтіреді») және осылайша белгілі бір нарықта доминанттар, монополистер пайда болады. Бұл ретте, нарыққа кірудегі кедергілерді еңсеруге болатындай және нарықта бар компаниялар жаңа компаниялар тарапынан «қауіп-қатерді» сезіне отырып, олардың тиісті тауар нарығына қолжетімділігін шектеу үшін «адал емес тәжірибелерді» қолданбайтындай етіп, бәсекелестікті тұрақты режимде ұстап тұру, қорғау, дамыту маңызды.

Бәсекелестікте компаниялар адал және адал емес тәжірибелерді (әдістер, тәсілдер) қолдана алады. Адал тәжірибелерге тауарлардың сапасын жақсарту, өндіріс тиімділігін арттыру арқылы бағаны төмендету, ең жақсы қол жетімді технологияларды енгізу, зерттеулер мен дамуға инвестициялар және т.б. жатады. Адал емес тәжірибелер (бәсекелестікке қарсы мінез-құлық) бәсекелестікті шектеуге бағытталған және нәтижесінде тұтынушылардың әл-ауқатын нашарлатады.

Нақты және әлеуетті бәсекелестерді басып-жаншу және жою арқылы монополия соңғылардың санын едәуір азайтады және осылайша тұтынушының еркіндігі мен таңдау ауқымын тарылтады. Сонымен қатар, ол ұсыныстың жалпы көлемін анықтауға, тіпті нарыққа өз шарттарын, ең алдымен, ол ұсынатын тауарлар мен қызметтердің бағаларын белгілеуге мүмкіндік алады. Осылайша, бәсекелестік «табиғи» күйін жоғалтып, оны сақтау үшін мемлекеттік қолдауды қажет ететіні анық.

Монополия еркін бәсекелестік принципін жоққа шығара отырып, экономикадағы барлық жағдайды керісінше етеді. Тұтынушының емес, өндірушінің басымдығы шындыққа айналады. Соңғысы ұсыныстың жалпы көлемін басқара отырып, бәсекелестікке сәйкес келмейтін бағаларды белгілейді. Нәтижесінде баға мен пайда бәсекеге қабілеттіліктен жоғары болады, сондықтан жалпы қоғамға және тұтынушылардың нақты санаттарына зиян келтіріледі. Кәсіпорындар, салалар, аялар мен аймақтар арасында ресурстарды

кайта бөлудің әлеуметтік тиімді тетігі бұзылады. Тұтастай алғанда экономикалық еркіндікті (баға еркіндігі, келісімшарттар және т.б.), атап айтқанда тұтынушыларды іске асыру базасы айтарлықтай тарылады.

Тиісінше, бәсекелестікті дамыту мәселесінде тиісті мемлекеттік реттеу (араласу) болмаса, бизнес өз бәсекелестерін басу және нарықты монополиялау үшін кез келген қадамдарға бара алады, ал монополия өз кезегінде бәсекелестік үшін жойқын болып табылады.

Мемлекет өз кезегінде кәсіпкерлік қызмет бостандығын, меншік иесінің және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды және т.б. қамтамасыз етуге арналған. Сондықтан мемлекеттің бәсекелестік ортаны қамтамасыз етудің кепілі ретіндегі рөлі ерекше. Бұл тұрғыда мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі - еркін бәсекелестік қағидаттарын іске асыру жағдайларын қамтамасыз ету. Осы мақсатта көптеген елдерде жосықсыз бәсекелестік туралы заңдар қабылданған және қолданылуда, олар осы қағидаттың жарамдылығына кепілдік беруге, жосықсыз бәсекелестіктің жағымсыз салдарын болдырмауға арналған. Басқаша айтқанда, бәсекелестікті экономикалық қызметтің тиімді үйлестірушісі және үдеткіші ретінде қарастыра отырып, мемлекет бәсекелестік ортаны қорғау үшін тиісті шаралар қолданады. Мемлекеттің бұл функцияны іске асырудың негізгі құралы ретінде монополияға қарсы заңнама қызмет етеді.

Монополияға қарсы заңнама алғаш рет АҚШ-та қалыптаса бастады, онда 1887 жылы теміржол тарифтерін реттеуге арналған штатаралық сауда комиссиясы құрылған болатын. Ал 1890 жылы Америка Құрама Штаттарының Конгресі ешқандай елеулі қарсылықтарсыз Шерманның трестке қарсы заңын қабылдады. Заңның негізгі мәні жекелеген штаттар арасындағы сауданы шектеуге және осы сауданың кейбір бөлігін монополиялауға тырысуға бағытталған кез келген келісімшарттарға, бірлестіктерге және жасырын мәмілелерге тыйым салу болды. Кейіннен федералды, штаттық және жергілікті деңгейде Шерман заңының негізгі ережелерін толықтыратын, нақтылайтын және одан әрі дамытатын көптеген заңнамалық актілер қабылданды және қолданылуда. Оларға 1914 жылы күшіне енген Клейтон Заңы және Федералдық сауда комиссиясы туралы заң (Federal Trade Commission Act) жатады. Федералдық сауда комиссиясы туралы заңға сәйкес аттас комиссия құрылды, оның негізгі мақсаты экономикалық және коммерциялық қызмет субъектілерінің адал емес мінез-құлқының қандай да бір түрлерін тоқтату арқылы бәсекелестікті сақтау болды. Клейтон заңында бәсекелестікті әлсіретуі мүмкін кез келген бірігуге тыйым салатын арнайы тармақ болды.

Әрі қарай XIX ғасырдың аяғынан бастап қазіргі уақытқа дейін экономика мен әлеуметтік өмірдің әр түрлі салаларын реттейтін көптеген заңдар қабылданды. Бұл қатардағы маңыздылардың бірі 1936 жылы АҚШ-та қабылданған Робинсон-Петман заңы болды. Робинсон Петман заңында айтылғандай, трестке қарсы заңнаманың негізгі мақсаты келесідей анықталады: «бәсекелестіктің айтарлықтай әлсіреуіне немесе кез келген сауда саласында монополия құруға әкелуі мүмкін жағдайларда тауарлардың әртүрлілігі мен сапасына әр түрлі бағамен сату арқылы сатып алушылардың әр түрлі

санаттарын дискриминациялау және жою, сондай-ақ бәсекелестікке кедергілер жасау да заңсыз болып саналады» [12]. Сол мақсатты Клейтон заңы да жүзеге асыруға арналған. Бұл заң, атап айтқанда, бәсекелестіктің айтарлықтай әлсіреуіне немесе монополияның пайда болуы үшін алғышарттар жасауға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда, кез келген сауда саласында немесе елдің кез келген аймағында фирмаларды біріктіруге немесе сатып алуға тыйым салады.

Қазіргі уақытта АҚШ-та федералды, штаттық және жергілікті деңгейде өндірушілер мен сатушыларға бөлшек тауарлар бағасының төменгі шегін белгілеуге нұсқау беретін бағаның төмендеуін болдырмауға немесе тыйым салуға бағытталған көптеген заңдар қабылданды және қолданылады. Бұл заңдар өз тауарларын шығындардан төмен бағамен ұсынатын сатушыларды қудалауды қарастырады. Сонымен қатар, бағаны ұстап тұру үшін реттеуші комиссиялар құрылды, олар көбінесе өндірушілер мен сатушыларға бағаның максималды деңгейіне емес, ең төменгі деңгейге шектеулер қояды.

Бұл мәселе отандық және шетелдік экономикалық ғылымда егжей-тегжейлі зерттелген. Мұнда тек Америка Құрама штаттарынан кейін индустриалды дамыған елдердің көпшілігінде осындай заңдар қабылданғанын және қолданылатынын атап өтеміз. Мұнда, атап айтқанда, осы қағидаттың жарамдылығына кепілдік беруге, жосықсыз бәсекелестіктің теріс салдарын болдырмауға арналған жосықсыз бәсекелестік туралы заңдар туралы айтылып тұр. Бәсекелес сатушылар арасында бағаны ұстап тұру және нарықтарды бөлу туралы қандай да бір келісімдерге тыйым салатын заңдар қабылданады және қолданылады. Көптеген мамандардың пікірінше, бұл заңдар бәсекелестік экономиканы сақтауға маңызды үлес қосты, дегенмен трестке қарсы саясат қайшылықтарға толы.

Осы және басқа да заңдар мемлекеттің трестке қарсы саясатын орындаудың нақты пысықталған тетігі үшін негіз жасайды. С. Фишер, Р. Дорнбуш және Р. Шмаленци атап өткендей, АҚШ-тағы трестке қарсы заңдарды бұзушылар үшін жазаның үш түрі қарастырылған. Біріншіден, қылмыс ретінде қарастырылған Шерман заңын бұзғаны үшін айыппұлдың максималды мөлшері 1974 жылы жеке тұлғалар үшін 100 мың долларға дейін, корпорациялар үшін 1 миллион долларға дейін ұлғайтылды немесе 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылды. Екіншіден, көптеген сот істері федералды соттың немесе Федералдық сауда комиссиясының заң бұзған фирмадан бәсекелестік позицияларын күшейту мақсатында фирманың бірігуі немесе бөлінуі сияқты белгілі бір заңсыз әрекеттерді тоқтатуды талап ететін қаулыларымен аяқталады. Үшіншіден, трестке қарсы заңдарды бұзу салдарынан зардап шеккен фирмалар немесе тұтынушылар өз шығындарын сот тәртібімен үш еселік мөлшерде өтеп алуға құқылы.

Сондықтан көптеген кәсіпорындар мен іскер фирмалар нарықтан немесе саладан неғұрлым қуатты корпорациялардың ығыстырылуына қарсы кепілдік қарастыра отырып, осындай тәжірибені қолдайтыны таңқаларлық емес. Жұртшылық пен тұтынушылар да мұндай заңдарға наразылық білдіруге бейім

емес, дегенмен төмен баға туралы заңдар тауарлардың жоғары бағасын сөзсіз етеді.

Бұл аспектке берілген үлкен мән, мысалы, 1957 жылы ГФР Бундестагы қабылдаған бәсекелестікті шектеуге тыйым салу туралы заң кейде «әлеуметтік нарықтық экономиканың негізгі заңы» деп аталады [13]. ГФР-дағы осы саладағы заңдарға сәйкес жосықсыз бәсекелестік болып: клиентті алдау және жалған ақпарат; басқа біреудің тауарлық белгілерін қолдан жасау; бәсекелеске қарсы сыни жарнама; бәсекелес туралы күмәнді мәліметтерді бекіту және тарату және басқалар саналады.

Монополияға қарсы заңдар бәсекелес сатушылар арасындағы бағаны ұстап тұру және нарықтарды бөлу туралы қандай да бір келісімдерге тыйым салуға арналған. Біріншіден, тұтынушылардың, екіншіден, бөгде кәсіпорындардың, үшіншіден, бәсекелестіктің мүдделерін қорғау мақсатында баға белгілеу тетігі мен практикасы бақыланады. Бәсекелестік ортаны сақтау үшін, мысалы, демпинг, яғни тауарларды шығындардан төмен бағамен сату сияқты адал емес әрекеттерге тыйым салатын заңдар қажет.

Сондықтан бәсекелестікті экономикалық қызметтің тиімді үйлестірушісі ретінде қарастыра отырып, мемлекет оны тиісті деңгейде сақтау үшін тиісті шаралар қолданады. Мұнда толық негізделген сұрақтар туындайды: неге өз кірістерін көбейтуге мүдделі өндіруші мен сатушы тауарларды шығындардан төмен бағамен ұсынады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, айтарлықтай қаржылық ресурстарға ие ірі корпорациялар белгілі бір уақытқа дейін осы саладан немесе осы нарықтан өз қарсыластарын ығыстыру немесе жаңа қарсыластардың пайда болуын болдырмау мақсатында уақытша шығындарға баруы мүмкін. Егер бұл іс-шара сәтті болса, ірі корпорациялар кейіннен өз шығындарын оңай өтей алады. Егер оларға заңнамалық кедергілер қойылмаса, онда әр салада өздерінің монополияларын орнататын ең қуатты конгломераттар басым болуы мүмкін. Бұл әсіресе шағын және орта бизнеске қатты әсер етер еді. Мұнда әділетсіз бәсекелестікті тежеуге арналған трестке қарсы немесе басқа заңдар шынымен де үлкен оң рөл атқарады.

Бәсекелестік саласындағы саясаттағы ерекше маңызды орын тауар белгілері туралы заңдарға жатады, бұл олардың иесіне өзі өндіретін және сататын тауарлар мен қызметтерден басқа адамдардың қолдан жасауынан немесе теріс пайдалануынан қорғауды қамтамасыз етеді.

Монополияға қарсы заңнаманы іске асыру үшін барлық индустриалды дамыған елдерде мамандандырылған мемлекеттік құрылымдар құрылған. АҚШ-та олардың арасында федералды және жергілікті соттар, Әділет министрлігінің трестке қарсы бөлімі, Федералды сауда комиссиясы, сондай-ақ экономикалық қызметтің нақты салаларында бақылауды жүзеге асыратын Азық-түлік және дәрі-дәрмек өнімдерінің сапасын бақылау басқармасы, Тұтыну тауарларының сенімділігін бақылау комитеті, Қоршаған ортаны қорғау басқармасы. Тең жұмыспен қамту комитеті, Федералды энергетика басқармасы, өндірістік қауіпсіздік және денсаулық сақтау басқармасы және басқалар сияқты көптеген органдар бар [14].

Еуропалық Одақта монополияға қарсы саясат Рим келісімімен реттеледі, ол картельдер және фирмалар арасындағы басқа шектеуші келісімдер, және белгілі бір фирма үшін нарықта үстем жағдайды қамтамасыз ете алатын бірігулерге тыйым салады. Германия Федеративтік Республикасында монополияға қарсы саясатты әзірлеу және іске асыру мәселелерімен жалпы басшылықты жүзеге асыратын экономика министрлігі, картельдер жөніндегі Федералды ведомство айналысады, оның құзыретіне бәсекелестік қағидаттарын бұзудың нақты жағдайларын талдау, монополияға қарсы комитет және т. б. кіреді. Ұлыбританияда бұл функцияларды Сауда және өнеркәсіп министрлігі, Бірігу және монополиялар комитеті және Еркін сауда комитеті, Италияда өнеркәсіптік кәсіпорындардың істерін қарайтын Нарықтық бәсекелестік комиссиясы орындайды. Ұқсас органдар нарықтық экономикасы бар басқа елдердің көпшілігінде жұмыс істейді.

Өтпелі экономикасы бар елдерде, соның ішінде Ресейде мемлекет бәсекелестік ортаны қалыптастыруда және бекітуде шешуші рөл атқарады. Ресейдегі монополияға қарсы заңнаманың алғашқы тәжірибесі Ресей Федерациясының 1991 жылы қабылданған «Тауар нарықтарындағы бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы» Заңы болды, оған 1995 жылы айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Онда жосықсыз бәсекелестіктің кез келген нысандарының алдын алуға және жолын кесуге бағытталған мемлекеттің монополияға қарсы саясатының қағидаттары айқындалған. Осы Заңға сәйкес Ресей Федерациясында монополияға қарсы саясат және жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды. Заңға елеулі өзгерістер 1995 жылы енгізілді [15].

Тұтастай алғанда, монополияға қарсы саясат монополиялық биліктің пайда болуына, пайдаланылуына немесе қорғалуына кедергілер жасау арқылы бәсекелестікті қорғау және күшейту жөніндегі заңнамалық және өзге де шаралар кешені болып табылады. Американдық зерттеушілер Э. Доллан мен Д. Линдсей атап өткендей, «кез келген трестке қарсы (монополияға қарсы) іс-шараның түпкі мақсаты кез келген фирманың (немесе кәсіпорындар тобының) нарықтың белгілі бір сегментін бағындыру немесе бақылауға алу әрекеттеріне тиімді қарсы тұру болып табылады» [16]. Бастапқыда мемлекеттік реттеу іс-шараларының көпшілігі нарықты ұйымдастыруға және оның тіршілік ету ортасы мен жұмыс істеуін қорғауға бағытталған. Мемлекеттің араласуы, әдетте, лицензиялау тетіктері мен процедураларын, монополияға қарсы шараларды, корпорацияларды тіркеуді және қаржылық есептіліктің белгілі бір параметрлерін әзірлеумен және енгізумен шектелді. Қазір мемлекеттің рөлі бәсекелестік орта үшін қажетті институттарды, негізгі ережелер мен нормативтерді құруға саяды. Бұл, мысалы, несиелік мекемелерді басқару, жеке келісімшарттарды қамтамасыз ету, жеке меншікті қорғау, патенттік және авторлық құқықтар және т.б. жөніндегі нәрсе. Осы және осыған ұқсас шаралардың мақсаты ығыстыру емес, экономикалық бәсекелестікті қамтамасыз ету болып табылады.

## **1.2 Монополияға қарсы органдар қызметінің халықаралық тәжірибесі**

Монополияға қарсы реттеу - бұл бәсекелестікті құру және қолдау мақсатында мемлекеттің экономикаға араласуы. Мұндай араласудың маңызды құралы монополияға қарсы органның немесе соттардың көмегімен бәсекелестік туралы заңнама нормаларының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Монополияға қарсы саясатта нарық субъектілерінің бәсекелестігінің абсолютті еркіндігі мен үздіксіз мемлекеттік реттеу арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Тұтастай алғанда, монополияға қарсы заңнама тек нарықтағы еркін бәсекелестікті қолдау үшін кәсіпкерлік қызметке араласуды білдіреді. Монополияға қарсы саясаттың мақсаты нарық субъектілерінің орындауы бәсекелестік үшін оң нәтиже беретін бәсекелестікті дамыту үшін негіздер, жағдайлар жасау болып табылады.

Көптеген мамандардың пікірінше, монополияға қарсы заңдар бәсекелестік экономиканы сақтауға маңызды үлес қосты, дегенмен трестке қарсы саясат қайшылықтарға толы.

Бүгінгі таңда дамыған және дамушы елдердің көпшілігінде монополияға қарсы органның негізгі функциялары бәсекелестікке қарсы мінез-құлықты анықтау, жолын кесу және алдын-алу болып табылады.

Шет елдердің тәжірибесін зерттеу әр елдің монополияға қарсы реттеу тәсілінде өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін екенін көрсетті және бұл әдістер нақты юрисдикцияға байланысты өзгеруі мүмкін.

Мысалы, АҚШ Федералды сауда комиссиясының миссиясы бәсекелестіктің төмендеуіне және бағаның өсуіне, көрсетілетін қызметтердің сапасының немесе деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін жосықсыз іскерлік тәжірибені тоқтату және болдырмау үшін шаралар қабылдау болып табылады. Бәсекелестікке қарсы тәжірибе бағаны белгілеу, топтық бойкоттар және эксклюзивті мәмілелер немесе сауда бірлестіктерінің ережелері бойынша эксклюзивті келісімшарттар сияқты әрекеттерді қамтиды және әдетте екі түрге бөлінеді: бәсекелестер арасындағы келісімдер және монополиялау [17].

Федералды сауда комиссиясы Америка Құрама Штаттарының кез келген бөлігінде өз міндеттерін орындау үшін қажетті кез келген тергеуді жүргізе алады және қажетті ақпаратты жинауға және қорытындылауға, бизнеспен айналысатын немесе саудаға әсер ететін кез келген тұлғалардың, серіктестіктердің немесе корпорациялардың ұйымын, қызметін, мінез-құлқын, тәжірибесін және басқаруын мезгіл-мезгіл тексеруге өкілетті [18].

АҚШ-тағы картельдер федералды заңнаманы бұзады және Шерман Заңына сәйкес АҚШ Әділет министрлігінің монополияға қарсы басқармасымен қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Басқарма прокурорлары тергеу барысында материалдарды алу үшін үш негізгі құралды пайдаланады: 1) ақпарат алу үшін міндетті сұраулар (яғни, үлкен қазылар алқасының шақыру қағаздары); 2) кенеттен рейдтер/тексерулер (яғни тінту туралы ордерлер) және 3) жазаны жеңілдету туралы өтініш берушілер берген ақпарат. Бұл



құралдардың әрқайсысының қажетті материалдарды жинауға және тергеуді ілгерілетуге қатысты артықшылықтары мен кемшіліктері бар [19].

Ұлыбританияда бәсекелестікті реттеуші орган Бәсекелестік және нарықтар жөніндегі басқарма (Competition and Markets Authority) болып табылады, ол министрліктің құрамына кірмейді және үкімет жанындағы жеке ведомство болып табылады [20]. Бәсекелестік және нарықтар басқармасының функцияларына бәсекелестікті төмендетудің жоқтығын анықтау мақсатында ұйымдар арасындағы бірігуді тергеу; бәсекелестік пен тұтынушыларды дамыту үшін проблемалық мәселелері бар нарықтарды зерттеу; картельдерге немесе бәсекелестікке қарсы әрекеттерге қатысатын компаниялар мен жеке тұлғаларға қарсы шаралар қабылдау, тұтынушыларды жосықсыз сауда тәжірибесінен қорғау және т.б. кіреді. Тергеу аясында Бәсекелестік және нарықтар басқармасы ақпарат сұрауларын жібереді, сауалнамалар жүргізеді, тергеу объектісіне барады, тінтулер жүргізе алады [21].

ЕО елдерінде 30-ға жуық монополияға қарсы орган жұмыс істейді. Әсіресе шешім қабылдау саласындағы қазіргі тенденция үкіметтен және қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан саясаттан тәуелсіздікті қамтамасыз етуден тұрады. Құрылым тұрғысынан монополияға қарсы органдардың екі негізгі формасы бар: ЕО-ға мүше мемлекеттердің көпшілігінде тергеу мен шешім қабылдау бір ұйымда болатын бірыңғай әкімшілік органдар (мысалы, германдық Bundeskartellamt (картельдерге қарсы федералды басқару) және венгрияның экономиканы монополияға қарсы реттеу басқармасы); басқа елдерде фактілерді ашу және шешім қабылдау (немесе, ең болмағанда, айыппұл тағайындау) әр түрлі мекемелердің міндеті болып табылады (Швеция мұндайға мысал бола алады). Бірінші топта тергеу кезеңі фактілерді ашу және шешім қабылдау мақсатында жиі бір-бірінен бөлінеді (мысалы, венгр немесе француз монополияға қарсы органында автономды бәсекелестік кеңесі жұмыс істейді) [22].

ЕО елдерінде ЕО-ға мүше елдердің ұлттық Монополияға қарсы органдары да, ұлттықтан жоғары орган - ЕО комиссиясы да жұмыс істейді. ЕО комиссиясының өкілеттіктері ұлттықтан жоғары нормативтік актілермен реттеледі. Ұлттық монополияға қарсы органдардың өкілеттіктері ұлттық заңнамамен реттеледі және көбінесе ЕО-ға кіретін белгілі бір елдің құқықтық жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты. Сонымен, нарықтың тауарлық және географиялық шекараларын анықтау үшін деректерді жинау аясында ЕО комиссиясы негізгі тұтынушылар мен нарық субъектілерінен, тиісті кәсіптік бірлестіктерден (қауымдастықтардан) жауап алады, олардың нарық шекараларына қатысты пікірлерін нақтылайды. Сондай-ақ, ЕО комиссиясы негізгі тұтынушылар мен нарық субъектілерінен олардың қызметі туралы ақпаратты (бағалар, өткізу көлемі, тұтыну көлемі және т.б.) сұратуға құқылы, тарихи, ағымдағы және жоспарлы деректер (мысалы, өткізу көлемдерін аумақтық бөлу, тауар түрлері бойынша компаниялардың тауар айналымы туралы) сұратылады. ЕО комиссиясы сұрау салуларды сұхбат жүргізу арқылы жазбаша да, ауызша да жолдайды. Сондай-ақ, ЕО комиссиясының мүшелері

нарық субъектілеріне (кеңселер, өндірістік алаңдар және т.б.) баруға құқылы [23].

Бәсекелестік және тұтынушыларды қорғау мәселелері жөніндегі австралиялық комиссия (ағылш. Australian Competition & Consumer Commission) - Австралия үкіметінің тәуелсіз органы, оның міндеттеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау, бағаларды бақылау және заңсыз бәсекелестікке қарсы мінез-құлықтың алдын алу кіреді. Комиссия сауда практикасы туралы заңды бұзған компанияларға қарсы сотқа талап арыздар қозғауға құқылы [24].

Талдау кезінде деректер елдегі қолданыстағы стандарттар мен жіктеуіштер негізінде жиналады, оларға сәйкес тауарлардың атаулары анықталады. Осылайша, Қазақстанда монополияға қарсы орган ЭҚЖЖ және ЭҚТӨЖ жіктеуіштерін пайдаланады, олар бөлімдер, топтар, сыныптар, түрлер, кіші түрлер бойынша бөлінеді.

Егер деректердің қол жетімділігіне шектеулер модельдің алғышарттарына қатысты болжамдар жасауды талап етсе, онда мұндай болжамдар нақты және шындыққа негізделген болуы керек, әйтпесе талдау нәтижелері жалған болып шығуы мүмкін. Жүргізілген талдаудың сипаты қандай болмасын, ол әрдайым анық, мөлдір және қайталанатын болуы керек, сондықтан барлық тараптар оны мұқият зерттеп, тексере алады. Сонымен қатар, бұл шешім қабылдаушыларға не істелгені және неге маңызды екендігі туралы түсінікті болуы абазал.

Қазіргі уақытта монополияға қарсы орган тауар нарықтарының мониторингі мен талдау процестерін автоматтандыруға баса назар аудара отырып, өз қызметін реинжинирингке бағдарланған. ҚР БҚДА ҰСБ-мен

бірлесіп бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасын жасау бойынша жұмыс басталған. Бәсекелестік жағдайының аналитикалық картасы-бақылау тақтасы (бақылау тақтасы) (1-сурет).



1-сурет – Бақылау тақтасының интерфейсі (бақылау тақтасы).  
Ескертпе -дереккөзінен алынған [38].

Бақылау тақтасы тестілеу сатысында.

Дашбордқа енгізу үшін ҚР БҚДА бастапқы кезеңінде ҰСБ-мен бірлесіп 2-Кестеге сәйкес үнемі туындайтын проблемалық мәселелер бойынша 16 тауар нарығының тізбесі пысықталды.

Кесте 2 – Жүйені іске қосу кезеңінде дэшбордқа енгізуге жататын тауар нарықтарының және базалық көрсеткіштердің тізбесі.

Тауар нарықтары	Базалық көрсеткіштер
1. АИ-92, 95 (96) маркалы бензин	1. Нарық субъектілерінің тізбесі
2. Дизель отыны	2. Тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өндіру көлемі заттай және құндық мәнде
3. Сұйытылған мұнай газы	3. Тауарды / көрсетілген қызметтерді көтерме және бөлшек саудада өткізу көлемі заттай және құндық мәнде
4. Электр энергиясы	4. Мемлекет қатысатын нарық субъектілерінің тізбесі, мемлекеттік қатысу үлесі
5. Авиаотын	5. Өндірушілердің бағалары
6. Көмір	6. Тауарды көтерме және бөлшек саудада
7. Битум	
8. Ұялы байланыс қызметтері	
9. Жолаушыларды авиакөлікпен тасымалдау қызметтері	
10. Жолаушыларды т/ж	

<p>көлігімен тасымалдау қызметтері</p> <p>11. Тұрғын үй құрылысы</p> <p>12. Цемент</p> <p>13. Арматура</p> <p>14. Бетон</p> <p>15. Жеміс-көкөніс өнімдерін қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары</p> <p>16. Өндіру (отандық өндірушілер), дәрілік заттарды көтерме және бөлшек саудада өткізу</p>	<p>өткізу бағалары</p> <p>7. Орташа бағалар</p> <p>8. Тауарды әкету (экспорт) көлемдері</p> <p>9. Тауарды әкелу (импорт) көлемдері</p> <p>10. ҚР бойынша нарықта және өңірлер бөлінісінде үш ең ірі субъектілердің (жалпы көлемге қатысты) үлесі</p> <p>11. Херфиндаль – Хиршман индексі</p> <p>12. Лернердің орташа өлшенген коэффициенті</p> <p>13. Инвестициялар көлемі</p> <p>14. Рентабельділіктің орташа деңгейі</p> <p>15. Жалақының орташа деңгейі</p>
<p>Ескертпе – Дереккөздер негізінде автормен құралған [38].</p>	

Тауар нарықтарының тізімі үнемі кеңейіп, масштабталатын болады. Басқа ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді, оның ішінде экспорттық-импорттық операциялар бойынша деректерді, экономикалық белсенділік жөніндегі мәліметтерді, қызмет агрегаторларының, маркетплейстердің және т.б. деректерді дэшбордқа біріктіру мүмкіндігі қосымша пысықталатын болады.

Нәтижесінде дэшборд көрсеткіштерді құрылымдаудың, талдаудың және бейнелеудің тиімді құралына айналады, тауар нарықтарындағы жағдайды жедел бағалауға, ықтимал проблемаларды анықтауға, алдын алу шараларын уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді деп жоспарлануда. Бұл ҚР БҚДА негізгі қызметін нақты тауар нарықтарында басымдыққа айналдыруға және өз функционалын тиімдірек іске асыруға мүмкіндік береді деп пайымдалуда.

Дейтұрғанмен, аталмыш аналитикалық карта қазіргі таңда туындайтын проблемалық мәселелер бойынша тек 16 тауар нарығын қамтиды, яғни, басқа көптеген тауар нарықтары қамтылмаған. Сондай-ақ, бұл дэшбордта тауар нарығына қатысты толыққанды талдау жүргізуге қажетті барлық ақпараттар қамтылмауы мүмкін. Өйткені статистика органы ондағы мәліметтерді тек өзінің қызметтік қажеттіліктеріне қарай белгілі бір кезеңге қалыптастырылатын (тоқсандық, жартыжылдық, жылдық) мәліметтерден жинақталады. Ал, монополияға қарсы органға нарық субъектілерінің мінез-құлқын, олардың нарықтағы үстемдік жағдайының бар-жоғын субъектілерден алынатын түрлі ақпараттарды (күнделікті, апталық, айлық сату, сатып алу динамикасын) салыстыру негізінде анықтайды.

Осындай деректерді жинауды монополияға қарсы орган тергеу жүргізу барысында да жүзеге асырады. Алайда, талдау жүргізу әдістемесімен салыстырғанда тергеу шеңберінде деректерді жинау тәртібі реттелмеген және дәлелдемелік базаны жинау қажеттілігіне қарай монополияға қарсы органның лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Уәкілетті органның қызметіне жүргізілген талдау көрсеткендей, монополияға қарсы орган және оның аумақтық бөлімшелері 2022 жылы тауар

нарықтарында 80-нен астам талдау жүргізді, оның 20-сы жоспарлы талдауды құрады (2021 жылы 74 тауар нарығында және қызметтерде талдау жүргізілді, 2020 жылы 62 тауар нарығында және қызметтерде талдау жүргізілді). Бұл ретте, көп жағдайда тауар нарықтарына жоспардан тыс талдау жүргізу қаңтардағы оқиғаларға байланысты жедел шаралар қабылдау қажеттілігіне байланысты болды.

Сондай-ақ, 2022 жылы монополияға қарсы орган және оның аумақтық бөлімшелері 283-тен астам нарық субъектілеріне қатысты 133 және 13 мемлекеттік, орталық және жергілікті атқарушы органдарына қатысты тергеуді аяқтады (2021 жылы 121-і аяқталды, 2020 жылы 134-тен астам нарық субъектілері мен 15 мемлекеттік орталық немесе жергілікті атқарушы органдарға қатысты тергеп-тексерулер – 264-тен астам нарық субъектілеріне және 13 мемлекеттік орталық немесе жергілікті атқарушы органдарға қатысты 109 тергеу аяқталды). 2022 жылы тергеу орбитасына түскен нарық субъектілері санының ұлғаюы қаңтар айындағы оқиғалардан кейін сұйытылған газды көтерме және бөлшек саудада өткізушілерге қатысты тергеу жүргізуге байланысты болды.

Жобада 2020 жылдан 2022 жылға дейінгі кезең аралығында Қазақстандағы монополияға қарсы органмен жүргізілген талдау және тергеу қызметтері бойынша статистикалық деректер келтірілген, өйткені ҚР КК 90-6-бабының ережелеріне сәйкес жыл қорытындысы бойынша бәсекелестіктің жай-күйі туралы жыл сайынғы есепті монополияға қарсы орган келесі жылдың 1 маусымынан кешіктірмей дайындайды [38].

Аталған талдаулар мен тергеулерді жүргізу кезінде Қазақстанда монополияға қарсы органдар, әдетте, талдау үшін де, тергеу үшін де ақпарат алуда түрлі қиындықтарға тап болады. Соның ішінде ресми көздерден алынған ақпараттардың толық болмауы және нарық субъектілерінен деректерді жинау мерзімдерінің шектілігі, талдаудың тереңдігі мен тергеу сапасын да өзіндік кері әсерін тигізуі мүмкін.

Айта кету керек, нарық субъектілері көбінесе ақпараттың жалғыз көзі болып табылады. Қолда бар деректер тәуелсіз тексеруге берілмеуі, нарық субъектілері таңдамалы түрде ұсынуы немесе қол жеткізу қиын болуы мүмкін.

Осылайша, монополияға қарсы органмен қабылдатын шешімдердің жеделділігі мен тиімділігі көп жағдайда жинақталатын ақпараттың сапасы мен уақтылығына байланысты болады.

Қолданыстағы ақпарат алу процесін зерделеу, ҚР БҚДА және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік органдар арасындағы электрондық құжат айналымын жүзеге асыру үшін МО ЭҚАБЖ-ға қосылғанын көрсетті. Бүгінгі күні ҚР Үкіметінің 12.12.2017 жылғы қаулысымен бекітілген "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде монополияға қарсы орган МО ЭҚАБЖ-нен МО БҚА-ға көшуді жүзеге асырды.

Сонымен қатар, ҚР БҚДА және оның аумақтық департаменттерімен нарық субъектілеріне қатысты жүргізетін талдау және тергеу шеңберіндегі

барлық жазбаша салулар пошта байланысы қызметі арқылы қолма-қол жолданады, өйткені монополияға қарсы органда нарық субъектілері қосылған және тіркелген сәйкесінше ортақ ақпараттық жүйе жоқ.

Жазбаша сұраныстарды жолдау кезінде ҚР БҚДА және оның аумақтық бөлімшелері көбінесе мынадай **қиындықтарға** тап болады:

- монополияға қарсы орган мен нарық субъектілері тарапынан почта қызметіне қажетті сәйкесінше **қаржы шығындарын** тудыруы;

- жолданатын жазбаша сұраулар мен оларға нарық субъектілері тарапынан берілетін жауап хаттардың жеткізілу **мерзімдерінің ұзақтығы**;

Сонымен қатар, ҚР БҚДА және оның аумақтық бөлімшелері тарапынан нарық субъектілеріне қатысты берілген жазбаша сұраныстар бойынша олардан **жауап алмау**, яғни ол сұраныс хаттар мен жауаптарының адресатқа тиесінше **жеткізілмеуі немесе жоғалып кетуі** секілді **қатерлері бар** екенін естен шығармаған жөн.

Бұл ретте, берілген жазбаша салуларға жауапты кешіктіріп алу және толық алмау, бұл рәсімнің тиімсіз, яғни көп уақытты, еңбекті қажет ететін және шығынды болып табылатынын көрсетеді.

Бүгінгі таңда ашық дереккөздерде монополияға қарсы орган пошта байланысы қызметтерін пайдалана отырып жіберетін жазбаша (қағаз) сауалдардың саны туралы қандай да бір мәлімет жоқ.

Сонымен қатар, ҚР БҚДА деректеріне сәйкес соңғы үш жылда монополияға қарсы орган 3-Кестеге сәйкес қағаз түріндегі сауалдарды жіберу үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алуға 79 млн 740,0 мың теңге жұмсаған.

Кесте 3 – Қағаз түріндегі сауалдарды жіберу үшін сатып алынған қажетті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі.

№	Жұмсалған қаражат	2021ж (мың.тг)	2022ж (мың.тг)	2023ж (мың.тг)
1	Пошта қызметіне	10224,0	9602,0	6180,0
2	Картридж сатып алуға	25837,0	4954,0	6887,0
3	А4 форматындағы қағаз сатып алуға	4721,0	4190,0	2792,0
4	Қағаз түріндегі конверттер сатып алуға	2253,0	2100,0	-
<b>Барлығы</b>	<b>79 млн 740,0 мың.тг</b>	43035,0	20846,0	15859,0
Ескертпе – БҚДА деректері негізінде автормен құралған.				

Осылайша, ақпарат жинаудың қолданыстағы механизмін талдау көрсеткендей, бұл қағаз сұрауларын қолмен жіберу тәсілі қомақты қаражатты және уақытты қажет ететін процесс болып табылады. Осы процесті зерттеу нәтижелері, сондай ақ жоғары өндірістік және транзакциялық шығындар

ақпарат алудың осы әдісінің тиімсіз екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері, қағаз нысанды пайдалану нәтижесінде уақтылы ақпарат алмау немесе сұрауға жауап алмау сияқты проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді, сәйкесінше бұл талдау мен тергеудің жеделдігіне теріс әсер етеді, нәтижесінде монополияға қарсы орган қызметінің тиімділігі төмендейді.

Мемлекеттік органның нарық субъектілерімен өзара байланысы неғұрлым тиімді құрылса, оның қызметі соғұрлым тиімді болады.

Бұл ретте, жетекші халықаралық тәжірибені ескере отырып, мұнда маңызды бағыт ҚР БҚДА қызметін цифрландыру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеу, атап айтқанда, бәсекелестікті қорғау және дамыту саласында БАТЖ құру болып табылады.

Айта кету керек, АТЖ әлемнің дамыған елдерінде бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы маңызды құрал болып табылады.

ЕО-да АТЖ бәсекелестікке байланысты заңсыз әрекеттерді анықтау және жолын кесу үшін қолданылады. Ол үшін ЕО комиссиясы монополияға қарсы ведомстволарға әртүрлі көздерден компаниялар туралы деректерді жинауға және деректердің үлкен көлемін өңдеу үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, оларды талдауға мүмкіндік беретін цифрлық платформаны әзірледі. Платформада қаржылық есептер, салық деректері, акциялармен мәмілелер және т. б. туралы ақпарат бар.

АҚШ-та АТЖ федералды деңгейде бәсекелестікті бақылау және қорғау үшін қолданылады. Федералды сауда комиссиясы (FTC) нарықтардағы бәсекелестікті талдау және монополияға қарсы заң бұзушылықтарды анықтау үшін пайдаланатын ірі компаниялардың (Google, Facebook және Amazon) көптеген деректеріне қол жеткізе алады.

Ресейде АТЖ ішкі нарықтағы бәсекелестікті бақылау үшін де қолданылады. ФМҚ нарықтарды талдау және монополияға қарсы заңдардың бұзылуын анықтау үшін АТЖ қолданады. Сонымен қатар, Ресейде әртүрлі тауарлар мен қызметтердің бағалары мен динамикасын талдауға арналған арнайы АТЖ бар.

Басқа елдерде АТЖ бәсекелестікті бақылау және бизнесті дамыту үшін кеңінен қолданылады. Мысалы, Қытайда АТЖ нарықтарды талдау және монополиялық тәжірибелерді анықтау үшін қолданылады, ал Жапонияда олар нарықтарды талдау және экономикалық жағдайды болжау үшін қолданылады.

Осымен қатар, Литва Республикасының Бәсекелестік кеңесі нарық субъектілерінен қажетті ақпарат алу мәселесін электрондық пошта құралын пайдалану арқылы жүзеге асыруда.

Жалпы бұл мәселенің шешімін табу үшін шетелдердің озық тәжірибесін ескере отырып, біз келесілей ұсынымдарды енгізуге болады деп санаймыз:

1. Талдау және тергеу шеңберінде ақпараттарды жедел жинау мақсатында және ҚР БҚДА қызметіндегі процестерді жетілдіру және онтайландыру үшін АТЖ-ны белгілеу және енгізу мүмкіндігін қарастыру.

2. ҚР монополияға қарсы органының негізгі қызметі нарықтардың құрылымын айқындауға және монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін деректерді (ақпаратты) жинауға және өңдеуге негізделетінін ескере отырып, АТЖ-ның тиісті ақпаратты иеленетін немесе нарық субъектілері тіркелген мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларына қолжетімділігін қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру.

3. ҚР монополияға қарсы органына электрондық пошта құралын пайдалану арқылы нарық субъектілерінен қажетті ақпарат алу мүмкіндігін қарастыру.

4. Мемлекеттік органдардың осы ақпараттық жүйелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету және электрондық пошта құралын пайдалану арқылы нарық субъектілерінен ақпарат алу мәселелері заңнамалық тұрғыдан белгілі бір кедергілер кездесуі мүмкін екенін ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыра отырып, осы мәселені заңнамалық деңгейде шешуді пысықтау.

5. АТЖ орнату және енгізу тиісті қаржылық шығындарды талап ететінін ескере отырып, ҚР БҚДА тарапынан қосымша бюджет қаражат сұрау (қаржыландыру) мәселесін пысықтау.

Жалпы, БАТЖ мемлекеттік органдардың нарық субъектілерімен өзара іс-қимылының тиімділігін едәуір арттыра алады, ашықтық пен үйлестіруді қамтамасыз ете алады, сондай-ақ бизнес пен тұтынушылардың мүдделерін қорғауды арттыра алады.

Сондай ақ, бәсекелестікті қорғау және дамыту саласында БАТЖ құру және енгізу: оның қызмет тиімділігін арттыруға, қабылданатын шешімдердің сапасы мен ашықтығын арттыруға, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің жұмысын үйлестіруді жақсартуға, аналитикалық мүмкіндіктерді жақсартуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және бұзушылықтарға қарсы күрестің тиімділігін арттыруға өзіндік септігін тигізеді деген сенім мол.

Кейіннен бәсекелестікті қорғау және дамыту саласында БАТЖ құру және енгізу мынадай міндеттерді шешуге көмектеседі:

1. Орталықтандырылған дерекқорға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл шешім қабылдау процестерін және бәсекелестікті қорғау шараларын іске асыруды жеңілдетеді;

2. Тауар нарықтарының субъектілері, олардың қызметі және нарықтардағы өзгерістер туралы өзекті және сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді, бұл қабылданатын шешімдердің сапасын арттырады;

3. Монополияға қарсы саясатты іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың, бизнес және қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дерекқорларына міндетті түрде қол жеткізуді белгілеуді көздейді, сыбайлас жемқорлық көріністерінің ықтималдығын азайтады және шешімдер қабылдау кезінде ашықтықты қамтамасыз етеді;

4. Әртүрлі мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің жұмысын үйлестіруді жақсартуға мүмкіндік береді, бұл жосықсыз практикалармен және

монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтармен күрес тиімділігіне оң әсер етеді;

5. Бәсекелестік саласындағы үрдістер мен бұзушылықтарды анықтау үшін деректерді талдаудың заманауи технологияларының үлкен көлемін пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды анықтауды және жолын кесуді жеделдетеді, бұл бизнес пен тұтынушылардың мүдделерін қорғауды жеңілдетеді.



## **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша нарық субъектілерінен ақпарат алу мақсатында сұрау салу тәсілін жетілдіру үшін мыналар ұсынылады:

1. Талдау және тергеу шеңберінде ақпараттарды жедел жинау мақсатында және ҚР БҚДА қызметіндегі процестерді жетілдіру және оңтайландыру үшін АТЖ-ны белгілеу және енгізу мүмкіндігін қарастыру;

2. ҚР монополияға қарсы органының негізгі қызметі нарықтардың құрылымын айқындауға және монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін деректерді (ақпаратты) жинауға және өңдеуге негізделетінін ескере отырып, АТЖ-ның тиісті ақпаратты иеленетін немесе нарық субъектілері тіркелген мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларына қолжетімділігін қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру;

3. ҚР монополияға қарсы органына электрондық пошта құралын пайдалану арқылы нарық субъектілерінен қажетті ақпарат алу мүмкіндігін қарастыру.

4. Мемлекеттік органдардың осы ақпараттық жүйелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету және электрондық пошта құралын пайдалану арқылы нарық субъектілерінен ақпарат алу мәселелері заңнамалық тұрғыдан белгілі бір кедергілер кездесуі мүмкін екенін ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыра отырып, осы мәселені заңнамалық деңгейде шешуді пысықтау.

5. АТЖ орнату және енгізу тиісті қаржылық шығындарды талап ететінін ескере отырып, ҚР БҚДА тарапынан қосымша бюджет қаражат сұрау (қаржыландыру) мәселесін пысықтау.

Қорытындылай келе, нарық субъектілерінен ақпарат алудың қолданыстағы процестерін оңтайландыру бойынша берілген бұл ұсыныстарды монополияға қарсы орган мен нарық субъектілеріне басшылыққа алуға ұсынуға болады. Яғни, ақпарат алудың заманауи цифрлық тәсілдерін енгізу, атап айтқанда монополияға қарсы органның нарық субъектілері тіркелген басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуі, оған уақыт пен қаржылық ресурстарды айтарлықтай үнемдеуге және алынатын ақпараттың сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік беретінін атап өткіміз келеді. Сәйкесінше, монополияға қарсы орган қызметінің тиімділігі артады. Берілген ұсынымдарды өз жұмысында қолдану монополияға қарсы органға нарық субъектілерінен ақпарат алу тәртібінің жетілдірілмеген тұстарын шешуге көмектеседі. Сондай ақ, жобада қойылған мақсаттарға қол жеткізілген жағдайда монополияға қарсы орган қызметінің нәтижесі мен тиімділігі айтарлықтай артады және бұл оған жүктелген міндеттерді уақтылы және сапалы шешуге мүмкіндік береді деп пайымдаймыз.

### Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_). Қаралған күні: 11.11.2023.

2 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>. Қаралған күні: 11.11.2023.

3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>. Қаралған күні: 13.11.2023.

4 Липчиу Н.В. Методология научных исследований. – Краснодар, 2013. – 49-54 б.

5 Князева И.В., Лукашенко О.А. Трансформация антимонопольной политики в политику защиты конкуренции в современных экономических условиях //Новосибирск: Изд-во Новосиб. гос. тех. ун-та, СибАГС., 2011. – 302 б.

6 Энциклопедический словарь. //Издатели: Ф.А. Брокгауз, И.А. Ефрон. Т. XVI. Спб, 1895.

7 ОСЭР. Информационный бюллетень о том, как политика конкуренции влияет на макроэкономические результаты. Октябрь 2014. //OECD Factsheet on how competition policy affects macro-economic outcomes. October 2014. URL: <http://www.oecd.org/daf/competition/2014-competition-factsheet-iv-en.pdf>.

Қаралған күні: 27.03.2023.

8 Шаститко А. Конкурентная политика в период кризиса / А. Шаститко, С. Авдашева, С. Голованова // Вопр. экономики. 2009. № 3. – 50–64 б

9 Портер М.Ю. Конкурентное преимущество: Как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость. - Пер. с англ. / М.Ю. Портер. - М.: Альпина Бизнес Букс, 2005. – 715 б.

10 Хайек Ф.А. Дорога к рабству. М., 1902.

11 Эрхард Л. Благосостояние для всех. М., 1991. 13б.

12 Фишер С., Дорнбуш Р., Шмалензи Р. Экономика, 257б.

13 Лампери Х. Социальная рыночная экономика. М., 1993. 95б.

14 Карсон Р. Что знают экономисты. М., 1993. 202б.

15 ФАС России. История антимонопольного регулирования в России //информационный ресурс. - URL: <https://fas.gov.ru/pages/about/overview/istoriya-antimonopolnogo-regulirovaniya-v-rossii.html>. Қаралған күні: 03.04.2024.

16 Долмай Э., Линдсей Д. Рынок микроэкономическая модель, СПб., 1992. 392б.

17 Сайт ФТК [электрондық ресурс] – 2023, // URL: <https://www.ftc.gov/enforcement/anticompetitive-practices>. Қаралған күні: 12.11.2023.

18 Сайт ФТК [электрондық ресурс] – 2023, // URL: <https://www.ftc.gov/about-ftc/mission/enforcement-authority>. Қаралған күні: 12.11.2023.

19 Малони Д., Барри К. Министерство юстиции США, Представление документов Антимонопольному управлению // «Конкурентная политика в Восточной Европе и Центральной Азии: Эффективное расследование в делах о конкуренции». Региональный Центр Конкуренции ОЭСР-ГВХ в Будапеште (Венгрия) Бюллетень No. 19, июль 2022 г. – 32б.

20 Википедия [электрондық ресурс] – 2023, // URL: [https://en.wikipedia.org/wiki/Competition\\_and\\_Markets\\_Authority](https://en.wikipedia.org/wiki/Competition_and_Markets_Authority). Қаралған күні: 11.11.2023.

21 Сайт Управления по конкуренции и рынкам Великобритании // <https://www.gov.uk/government/organisations/competition-and-markets-authority/about>. Қаралған күні: 12.11.2023.

22 Тот Т. «Антимонопольное право Европейского союза», Будапешт 2014. 384б.

23 Ертлесова Ж., Дебердеев А. Экономический анализ в антимонопольном регулировании. Теория и практика применения в ОЭСР и Казахстане, 2023. 12-19б.

24 Википедия. Австралийская комиссия по вопросам конкуренции и защиты потребителей. [электрондық ресурс] – 2023, // URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/> Қаралған күні: 13.11.2023.

25 Официальный сайт Совета по конкуренции Литовской Республики [электрондық ресурс] – 2024, // URL: <https://kt.gov.lt/en/>. Қаралған күні: 15.03.2024

26 ФАС России. Антимонопольное регулирование [электрондық ресурс], URL: <https://fas.gov.ru/spheres/2>. Қаралған күні: 03.04.2024 г.

27 ФАС России. Федеральный закон от 26 июля 2006 года "О защите конкуренции" [электрондық ресурс], URL: <https://fas.gov.ru/documents/686510>. Қаралған күні: 11.04.2024 г.

28 Парсегов Б., Айтжанов А. История становления антимонопольного органа и современное состояние // Журнал «Рынок и конкуренция», 2021, №04. [электрондық ресурс]. – URL: <https://www.czk.kz/infocenter#magazines>. Қаралған күні: 13.12.2023.

29 Главная страница ОЭСР [электрондық ресурс] // URL: <https://www.oecd.org/general/38464001.pdf>. Қаралған күні: 11.12.2023 г.

30 Индекс глобальной конкурентоспособности // Википедия. – URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D1%81\\_%D0%B3%D0%BB%D0%BE%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%BE%D0%B9\\_%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BA%D1%83%D1%80%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%BE%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%81%80](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D1%81_%D0%B3%D0%BB%D0%BE%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%BE%D0%B9_%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BA%D1%83%D1%80%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%BE%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%81%80)

31 Қазақстан Республикасы Президентінің 08.09.2020 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000407#z0>. Қаралған күні: 22.04.2024.

32 Қазақстан Республикасы Президентінің 31.12.2020 жылғы «Бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000484>. Қаралған күні: 20.03.2024.

33 Қазақстан Республикасы Президентінің 22.06.2022 жылғы «Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2022 - 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200000938>. Қаралған күні: 20.04.2024.

34 IMD - Мировой рейтинг конкурентоспособности [электрондық ресурс]. - URL: <https://www.imd.org/centers/wcc/world-competitiveness-center/rankings/world-competitiveness-ranking/>. Қаралған күні: 13.05.2024.

35 Айтжанов А.Т. Процедуры и порядок проведения антимонопольных расследований: право и практика Казахстана.: Центр развития и защиты конкурентной политики, Астана – 2022. 126.

36 Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу жөніндегі әдістемесі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027883>. Қаралған күні: 12.12.2023.

37 ҚР БҚДА ресми сайты // ЗАКЛЮЧЕНИЕ Департамента транспорта и связи по анализу состояния конкуренции на рынке услуг сотовой связи [электрондық ресурс] - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/586463?lang=ru>. Қаралған күні: 13.05.2024.

38 ҚР БҚДА ресми сайты // 2020, 2021 және 2022 жылға арналған есептер [электрондық ресурс] - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/activities/directions?lang=ru>. Қаралған күні: 12.12.2023.

39 ҚР БҚДА ресми сайты // Штраф свыше 1 млрд тенге наложен на ТОО «ПХСНГ» [электрондық ресурс] - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/press/news/details/762314?lang=ru>. Қаралған күні: 13.05.2024.

40 Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің

«Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL:  
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>. Қаралған күні: 12.12.2023.

41 Обзор ОЭСР по проведению анализа товарных рынков, составленный на основе ряда обсуждений антимонопольных органов стран ОЭСР, 2012 года.

**Мемлекеттік орган үшін негізгі ұсынымдарды  
қамтитын жұмыс нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ ЖАЗБА**

Жоба авторы: Мұратов Ж.М.  
Ғылыми жетекші: Таскужин Т.Ж.

<b>Жоба идеясы</b>	Монополияға қарсы органның нарық субъектілерімен өзара қарым-қатынасы бойынша қызмет тиімділігін арттыру
<b>Проблемалық жағдай (кейс)</b>	<p>Қызметінің ерекшелігіне байланысты монополияға қарсы орган көптеген жағдайларда, атап айтқанда, бәсекелестік деңгейін айқындау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін анықтау, сондай-ақ бәсекелестікті қорғау және дамыту, монополистік қызметтің алдын алу, шектеу және жолын кесу жөніндегі шараларды әзірлеу үшін тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізіледі. Осы талдау барысында нарықтың тауарлық және географиялық шекаралары, нарық субъектілерінің құрамы мен жағдайы, бәсекелестіктің сипаттамалары анықталады. Сондай-ақ талдау, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды тергеу барысында нарық субъектілерінің мінез-кұлқын, олардың нарықтағы жағдайына (субъектінің нарықтық күші бар-жоғына) және бәсекелестік жағдайларына байланысты саралауға мүмкіндік береді.</p> <p>Бұл ретте талданатын нарық субъектілерінің, олардың бәсекелестерінің, жеткізушілері мен клиенттерінің ресми деректері, мемлекеттік статистикалық және өзге де органдардың, консалтингтік компаниялар мен қоғамдық бірлестіктердің деректері, талдауға қажетті әлеуетті ақпарат көздері болып танылады. Сол себепті монополияға қарсы орган талдау барысында нарық субъектілерінен өз қызметіне қажетті ақпараттарды сұратады.</p> <p>Көптеген нарық субъектілері күнделікті қызмет барысында қосымша ақпарат жинайды, мысалы, шығындар мен бағалар, сату көлемі және т.б. жиналған барлық</p>

	<p>ақпаратты салыстырмалы түрде көрсету керек болады. Бұл көбінесе монополияға қарсы органдарда тиісті талдау жүргізу кезінде көп уақытты алады. Бұл жерде айта кететін мәселе, монополияға қарсы органмен қабылданатын шешімдердің жеделділігі мен тиімділігі көп жағдайларда нарық субъектілерінен алынатын ақпараттардың уақтылы түсуіне байланысты болады. Яғни, монополияға қарсы орган мен нарық субъектілері арасындағы өзара ақпарат алмасу бойынша байланысы неғұрлым тиімді құрылса, оның қызметінің тиімділігі соғұрлым артады. Алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай, бүгінгі күні бұл мәселелер қосымша зерделеуді және жетілдіруді талап етеді. Олай айтудың себебі монополияға қарсы орган бүгінгі күнге дейін нарық субъектілерінен ақпарат алу процессін қағаз түріндегі сұраныс хаттар жолдау арқылы жүзеге асырып келеді. Яғни, нарық субъектілерінен қажетті ақпаратты қағаз түріндегі сұраныс хаттарды жолдау арқылы алу процесі, монополияға қарсы органның қаржы шығындармен қатар, сұраныс хаттарды жолдау мен олардың жауаптарын алуға кететін уақыт шығындары, яғни мерзімдерінің ұзақтығы бойынша қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, нарық субъектілеріне қағаз түріндегі сұраныс хаттарды жолдаудың: берілген сұраныстың уақтылы жеткізілмеуі немесе мүлдем жеткізілмеуі, уақтылы жауап келмеуі секілді туындайтын қатерлері мен тәуекелдері бар екенін естен шығармаған абзал. Осылайша, бұл процесс монополияға қарсы органның тиімділігі мен жеделдігін бірнеше есе төмендететіндігі айдан анық.</p>
<p><b>Аталмыш проблеманың қазірде бар шешімдері</b></p>	<p>Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (бұдан әрі – ҚР БҚДА) тауар нарықтарының мониторингі мен талдау процестерін автоматтандыруға баса назар аудара отырып, өз қызметін реинжинирингтеуге бағдарлауда. Осы орайда монополияға қарсы орган ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасын</p>

	<p>жасау бойынша жұмысты қолға алған. Бәсекелестік жағдайының аналитикалық картасы - ақпараттық тақтасында (дэшборд) үнемі туындайтын проблемалық мәселелер бойынша 16 тауар нарығының тізбесі пысықталған. Тауар нарықтарының тізімін үнемі кеңейтіп, масштабтау көзделуде. Сондай-ақ басқа ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді, оның ішінде экспорттық-импорттық операциялар бойынша деректерді, экономикалық белсенділік жөніндегі мәліметтерді, қызмет агрегаторларының, маркетплейстердің және т.б. деректерін дэшбордқа біріктіру мүмкіндігі қосымша пысықталуда.</p> <p>Нәтижесінде дэшборд көрсеткіштерді құрылымдаудың, талдаудың және бейнелеудің тиімді құралына айналып, тауар нарықтарындағы жағдайды жедел бағалауға, ықтимал проблемаларды анықтауға, алдын алу шараларын уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді деп күтілуде.</p> <p>Аталмыш аналитикалық карта қазіргі таңда туындайтын проблемалық мәселелер бойынша тек 16 тауар нарығын қамтиды, яғни, басқа көптеген тауар нарықтары қамтылмаған. Сондай-ақ, бұл дэшбордта талдауға қажетті барлық ақпараттар болмауы мүмкін, өйткені статистика органы ондағы мәліметтерді өзінің қызметтік қажеттілігіне қарай жинақтаған ақпараттар негізінде жасақтайды.</p>
<p><b>Аталмыш проблеманың ұсынылатын шешімі</b></p>	<p>Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде нарық субъектілерінен дер кезінде ақпарат алу және оның сапасын арттыру бойынша сұрау салу тәсілін жетілдіру мақсатында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, ҚР БҚДА қызметін цифрландыру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеу, атап айтқанда, бәсекелестікті қорғау және дамыту саласында бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесін (бұдан әрі - БАТЖ) құру, енгізу маңызды бағыт болып табылады. Ол үшін келесідей ұсынымдар беріледі:</p> <p>1. Талдау және тергеу шеңберінде сапалы ақпараттарды жедел жинау мақсатында және ҚР БҚДА қызметіндегі процестерді жетілдіру және оңтайландыру үшін ақпараттық-</p>



талдау жүйесін (бұдан әрі - АТЖ) құру және енгізу мүмкіндігін қарастыру;

2. ҚР монополияға қарсы органының негізгі қызметі нарықтардың құрылымын айқындауға және монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін деректерді (ақпаратты) жинауға және өңдеуге негізделетінін ескере отырып, АТЖ-ның тиісті ақпаратты иеленетін немесе нарық субъектілері тіркелген мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларына қолжетімділігін қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру;

3. ҚР монополияға қарсы органына электрондық пошта құралын пайдалану арқылы нарық субъектілерінен қажетті ақпарат алу мүмкіндігін қарастыру.

4. Мемлекеттік органдардың осы ақпараттық жүйелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету және электрондық пошта құралын пайдалану арқылы нарық субъектілерінен ақпарат алу мәселелері заңнамалық тұрғыдан белгілі бір кедергілер кездесуі мүмкін екенін ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыра отырып, осы мәселені заңнамалық деңгейде шешуді пысықтау.

5. АТЖ орнату және енгізу тиісті қаржылық шығындарды талап ететінін ескере отырып, ҚР БҚДА тарапынан қосымша бюджет қаражат сұрау (қаржыландыру) мәселесін пысықтау.

Жалпы, БАТЖ енгізу мемлекеттік органдардың нарық субъектілерімен өзара іс-қимылының тиімділігін едәуір арттырады, ашықтық пен үйлестіруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ бизнес пен тұтынушылардың мүдделерін қорғауды арттыра түседі.

Сондай ақ, бәсекелестікті қорғау және дамыту саласында БАТЖ құру және енгізу: оның қызмет тиімділігін арттыруға, қабылданатын шешімдердің сапасы мен ашықтығын арттыруға, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің жұмысын үйлестіруді жақсартуға, аналитикалық

	<p>мүмкіндіктерді жақсартуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және бұзушылықтарға қарсы күрестің тиімділігін арттыруға өзіндік септігін тигізеді деген сенім мол.</p> <p>Бұдан басқа, ҚР БҚДА қызметін цифрландыру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеу, атап айтқанда, бәсекелестікті қорғау және дамыту саласында БАТЖ құру, еңгізу жолындағы басты тәуекел, ол тиесінше қаржыландырудың болмауы. Сонымен қатар, БАТЖ енгізілген жағдайда ҚР БҚДА қызметінде кездесуі мүмкін тәуекелдертің бірі, бұл нарық субъектілерінің электрондық жүйелерді қолданбауы салдарынан монополияға қарсы органмен жолданған электрондық сұрауларды көрмеу, алмау, яғни тиесінше жауап берілмеу қатерлері ішінәра кездесуі мүмкін.</p>
<b>Күтілетін нәтиже</b>	<p>Ақпарат алудың заманауи цифрлық тәсілдерін енгізу, атап айтқанда монополияға қарсы органның нарық субъектілері тіркелген басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуі, оған уақыт пен қаржылық ресурстарды айтарлықтай үнемдеуге және алынатын ақпараттың сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, монополияға қарсы орган қызметінің тиімділігі артады. Берілген ұсынымдарды өз жұмысында қолдану монополияға қарсы органға нарық субъектілерінен ақпарат алу тәртібінің жетілдірілмеген тұстарын шешуге көмектеседі.</p>
<b>Әдебиет</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы;</li> <li>2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.</li> </ol>